


БЕКІТЕМІН
Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
мәселелері жөніндегі Қоғамдық
кеңестің төрағасы

Әйімбетов С.С. 
2022 жылғы «2» маусым

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 2-1-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау жөніндегі жұмыс тобының шешімімен бекітілді. Қоғамдық кеңестің құрамы сайланғаннан кейін оның мүшелері осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларға бастамашылық жасауға құқылы.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңесі (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) коммерциялық емес ұйымдармен және азаматтармен бірлесіп құрған, халық алдында есеп беретін мемлекеттік органды қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру үшін құрылған консультативтік – кеңесші, байқаушы орган.

2-тарау. Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыру

3. Қоғамдық кеңесті «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) белгіленген тәртіппен құрылатын және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығымен бекітілетін жұмыс тобы қалыптастырады.

4. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының (бұдан әрі - Жұмыс тобы) құрамы Министрліктің өкілдерінен және конкурстық негізде коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтар қатарынан қалыптастырылады.

5. Жұмыс тобының сандық құрамын жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізілгенге дейін министрліктің басшысы айқындайды.

Жұмыс тобының құрамында министрліктен өкілдік ету жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспайды. Осы өкілдіктің дербес құрамын Министрліктің басшысы дербес айқындайды.

6. Министрлік мемлекеттік органдардың, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтардың қатарынан жұмыс тобының сандық құрамын, құжаттарды тапсыру мерзімдерін, сондай-ақ құжаттар жіберілетін пошталық және электрондық мекенжайларды көрсете отырып, жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды және (немесе) өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

7. Конкурсты өткізу мерзімі конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күнін құрайды.

8. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде қолма-қол береді немесе хабарландыруда көрсетілген мемлекеттік органның электрондық мекенжайына жібереді.

9. Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік орган бір жұмыс күні ішінде жұмыс тобына кандидаттардың тізімін қалыптастырады.

10. Кандидаттардың тізімін қалыптастыру аяқталғаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде жұмыс тобына кандидаттардың қатысуымен жұмыс тобының отырысы өткізіледі. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Қоғамдық кеңес мүшелігіне сайлау үшін конкурсқа жіберілмейді.

11. Жұмыс тобының отырыстарына қатысуға үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың өкілдері болып табылатын, дауыс беру құқығы жоқ байқаушылар жіберіледі.

Министрлік жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландырумен бір мезгілде құжаттарды тапсыру мерзімдерін, сондай-ақ құжаттар жіберілетін пошта және электрондық мекенжайларды көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында және (немесе) өзінің интернет-ресурсында байқаушылар тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу жүргізу туралы хабарландыру жариялайды.

Жұмыс тобының отырысына байқаушы ретінде қатысу үшін байқаушы болуға ниет білдірген адам жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органға Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша байқаушы ретінде конкурсқа қатысу үшін өтініш береді не электрондық поштасына жібереді.

12. Жұмыс тобының отырысын өткізу уақыты мен орны туралы жұмыс тобының мүшелігіне кандидаттарды, сондай-ақ байқаушыларды мемлекеттік орган отырыс өткізілгенге дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

13. Министрлік жұмыс тобының отырысын дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.

14. Жұмыс тобының бірінші отырысын Министрліктің басшысы өткізеді.

Жұмыс тобының келесі отырыстарын жұмыс тобының басшысы өткізеді.

15. Жұмыс тобының құрамына мүшелерді іріктеу коммерциялық емес ұйымдардан және ашық дауыс беруге қатысатын азаматтардан жұмыс тобының мүшелігіне кандидаттардың көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

Коммерциялық емес ұйымнан кандидат, азамат өз кандидатурасы үшін дауыс беруге қатыспайды.

16. Жұмыс тобының құрамын Министрліктің басшысы бекітеді.

17. Жұмыс тобының бірінші отырысында көпшілік дауыспен азаматтық қоғам өкілдері қатарынан жұмыс тобының басшысы сайланады.

18. Жұмыс тобының шешімі отырыс аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Министрліктің ресми интернет-ресурсында жарияланады.

19. Жұмыс тобының отырысында жұмыс тобының басшысы айқындайтын жұмыс тобының мүшесі хаттама жүргізеді, оған жұмыс тобының басшысы қол қояды.

20. Жұмыс тобы:

1) халықты Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау туралы конкурс өткізілетіні туралы хабардар етеді;

2) бірінші отырыста Қоғамдық кеңес мүшелерінің сандық құрамын айқындайды:

республикалық деңгейде министрліктер құратын Қоғамдық кеңестерде – он бестен отызға дейін мүше болады;

3) Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау рәсімін жүргізеді;

4) Қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімін қалыптастырады;

5) Қоғамдық кеңес туралы ереженің жобасын әзірлейді.

21. Жұмыс тобының отырысы жұмыс тобының басшысын ескере отырып, жұмыс тобы мүшелерінің жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

22. Жұмыс тобының және оның басшысының өкілеттіктері Қоғамдық кеңес туралы ережені Қоғамдық кеңес бекіткеннен кейін тоқтатылады.

23. Қоғамдық кеңесті Министрлік өкілдері қатарынан және конкурстық негізде – коммерциялық емес ұйымдар өкілдері мен азаматтар қатарынан жұмыс тобы қалыптастырады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатураларды коммерциялық емес ұйымдар және азаматтар ұсынады, оның ішінде өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынады. Қоғамдық кеңес өкілеттігінің мерзімі үш жылды құрайды.

24. Қоғамдық кеңестің жаңа құрамын қалыптастыру рәсімі Заңның 8 және 9-баптарында белгіленген тәртіпке сәйкес Қоғамдық кеңестің жұмыс істеп тұрған құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі ай бұрын басталады.

25. Жұмыс тобы Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды және (немесе) Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады.

26. Хабарландыруда мыналар көрсетіледі:

1) мемлекеттік органның атауы;

2) Құжаттар жіберілетін пошталық және электрондық мекенжайларды, жіберу мерзімдерін, конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесін және Заңның 10 бабының 1 және 2 тармақтарына сәйкес кандидаттарға қойылатын талаптарды қамтиды;

3) мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, коммерциялық емес ұйымдар өкілдері мен азаматтар қатарынан Қоғамдық кеңестің сандық құрамы бекітілсін.

27. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатуралар бойынша ұсыныстарды хабарландыруда көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, қолма-қол береді немесе мемлекеттік органның электрондық мекенжайына жібереді.

28. Жұмыс тобы құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін он жұмыс күні ішінде отырыста Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттардан келіп түскен құжаттарды талқылайды, әрбір кандидатпен әңгімелесу және әрбір кандидат бойынша ашық дауыс беру өткізеді. Ең көп дауыс жинаған кандидаттар Қоғамдық кеңестің құрамына сайланды деп есептеледі. Бірдей дауыс санын алған кандидаттар бойынша жұмыс тобының басшысы шешуші дауыс құқығын өзіне қалдырады.

29. Қоғамдық кеңестің жұмыс істеп жүрген мүшелері конкурсқа қатысу үшін өз өтініштерін Заңның 10 бабында көзделген жалпы негіздерде береді.

30. Жұмыс тобының мүшелері ұсынылған құжаттардың негізінде жұмыс тобы белгілеген нысан бойынша кандидаттарды бағалау парағын толтырады.

31. Жұмыс тобының мүшелері талқылау қорытындылары бойынша кандидаттарды бағалаудың жиынтық балдарын ескере отырып, ашық дауыс беру арқылы Қоғамдық кеңестің құрамын қалыптастырады.

32. Мемлекеттік органнан Қоғамдық кеңеске өкілдікті мемлекеттік органның басшысы конкурс өткізбей бекітеді.

33. Республикалық деңгейде Қоғамдық кеңестің қалыптастырылған құрамын тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітеді және ол Қоғамдық кеңестің құрамы бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) республикалық деңгейде мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

34. Мемлекеттік органның атынан өкілдік ететін Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігі тоқтатылған кезде өкілеттігін тоқтатқан мүшенің орнына Қоғамдық кеңестің жаңа мүшесін қосу туралы шешімді тиісті мемлекеттік органның басшысы қабылдайды.

35. Қоғамдық кеңестің шығып қалған мүшелерін кейіннен алмастыру мақсатында жұмыс тобының шешімімен Қоғамдық кеңестің құрамына кірмеген азаматтық қоғам өкілдері қатарынан Қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімі қалыптастырылады.

36. Резервтік тізімнен кандидат Қоғамдық кеңеске мүшелікке қатысудан бас тартқан және қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімінде басқа кандидаттар болмаған жағдайларда, Қоғамдық кеңес Қоғамдық кеңестің құрамына қосымша конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

37. Қоғамдық кеңес қосымша конкурс өткізу үшін Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау жөніндегі конкурс туралы хабарландыруды бұқаралық ақпарат

құралдарында жариялайды және (немесе) республикалық деңгейде мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырады.

38. Хабарландыруда мыналар көрсетіледі:

- 1) мемлекеттік органның атауы;
- 2) Заңның 10 бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес құжаттар жіберілетін пошталық және электрондық мекенжайларды, беру мерзімдерін, конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесін және кандидаттарға қойылатын талаптарды қамтиды;
- 3) мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, коммерциялық емес ұйымдар өкілдері мен азаматтар қатарынан Қоғамдық кеңестің сандық құрамы бекітілсін.

39. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде қажетті құжаттарды қоса бере отырып, Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес пошталық немесе электрондық мекенжайға ұсыныстар береді.

40. Қоғамдық кеңес құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін он жұмыс күні ішінде отырыста Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар бойынша келіп түскен құжаттарды талқылауды және әрбір кандидат бойынша ашық дауыс беруді жүргізеді. Ең көп дауыс жинаған кандидаттар қоғамдық кеңестің құрамына сайланды деп есептеледі. Бірдей дауыс санын алған кандидаттар бойынша Қоғамдық кеңестің төрағасы шешуші дауыс құқығын өзіне қалдырады.

41. Қоғамдық кеңестің жаңа мүшелері өкілеттіктерін тоқтатқан Қоғамдық кеңес мүшелерінің қалған өкілеттік мерзіміне сайланады (тағайындалады).

3-тарау. Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыру

42. Қоғамдық кеңес тұрақты және (немесе) уақытша жұмыс органдарын: комиссияларды, комитеттерді және сараптама топтарын құрады.

43. Қоғамдық кеңес комиссиялар түрінде тұрақты жұмыс органдарын құрады. Комиссиялардың сандық құрамын Қоғамдық кеңес дербес айқындайды, бұл ретте кемінде үш адамды құрайды. Комиссиялардың басшылары Қоғамдық кеңес төралқасының құрамына кіреді.

44. Комиссиялар Қоғамдық кеңестің шешімімен Қоғамдық кеңестің құзыретіне жатқызылған тиісті саланың немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қоғамдық маңызы бар мәселелерін зерделеу үшін құрылады.

45. Комитеттер Қоғамдық кеңес комиссияларының құзыретіне жатқызылған тиісті саланың немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің қоғамдық маңызы бар мәселелерін зерделеу үшін Қоғамдық кеңес комиссияларының шешімімен құрылады. Комитеттердің құрамы Қоғамдық кеңес мүшелерінің, коммерциялық емес ұйымдардың, ғылыми, Кәсіподақ және басқа да ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен, сарапшылардан құралады, Қоғамдық кеңес айқындайды және оның отырысында бекітіледі. Комитеттер Қоғамдық кеңестің құрамында сарапшылар, құзыреттер немесе Қоғамдық кеңестің талқылауына шығарылған жекелеген мәселелер бойынша ақпарат болмаған жағдайда, қажет

болған кезде жағдайды зерделеуді елдің шалғай өңірлеріне беру немесе Қоғамдық кеңес мүшелерінің мемлекеттік құпия болып табылатын немесе тек қызмет бабында пайдалану үшін ақпарат болып табылатын ақпаратқа қолжетімділігі болмаған кезде құрылады.

46. Комитеттердің қызметі Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша тоқтатылады.

47. Қоғамдық кеңестер сараптамалық топтар түрінде уақытша жұмыс органдарын құрады, олар Қоғамдық кеңестің құзыретіне жатқызылған тиісті саланың немесе әкімшілік-аумақтық бірліктің нақты мәселелерін зерделеу үшін Қоғамдық кеңестің шешімімен құрылады. Сарапшылар топтары Қоғамдық кеңестің құрамында сарапшылар, құзыреттер немесе қоғамдық кеңеске талқылауға шығарылған жекелеген мәселелер бойынша ақпарат болмаған жағдайда.

48. Сараптамалық топтардың құрамы Қоғамдық кеңес мүшелерінің, мемлекеттік органдардың, коммерциялық емес ұйымдардың, ғылыми, Кәсіподақ және мүдделі ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен, сарапшылардан құралады. Сараптамалық топтардың мүшелері Қоғамдық кеңестің құрамына жоспардан тыс сайлау кезінде Қоғамдық кеңестің мүшелері бола алады.

49. Қоғамдық кеңестің комиссиялары:

1) комитеттерден немесе сараптама топтарынан зерделенетін мәселелер бойынша материалдармен алдын ала танысуды және қарау қорытындылары бойынша мәселелерді Қоғамдық кеңес отырысының қарауына дайындауды оның бағытына сәйкес жүзеге асырады;

2) зерделенетін мәселелер бойынша сараптамалық қорытындылардың жобаларын дайындайды және оларды қоғамдық кеңестің жолдамасына сәйкес оның отырыстарында қарау үшін ұсынады.

50. Нақты мәселе бойынша материалдарды зерделеу қорытындылары бойынша сараптама тобы қорытынды жасайды және оның жолдамасына сәйкес Қоғамдық кеңестің тиісті комиссиясына қарау үшін жібереді.

Қоғамдық кеңес зерделенетін мәселелер бойынша сараптама тобының қорытынды материалдарын Қоғамдық кеңестің тиісті комиссиясының ұсынуы бойынша қарайды.

4-тарау. Қоғамдық кеңестердің өкілдері

51. Министрліктер құратын Қоғамдық кеңестер өз өкілеттіктерін Заңның 5-бабына сәйкес жүзеге асырады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері құратын Қоғамдық кеңестер өкілеттіктерін Заңның 5-1 бабына сәйкес жүзеге асырады.

52. Заңның 5 бабының 1 тармағында және 5-1 бабының 1 тармағында көзделген өкілеттіктерді іске асыру үшін Қоғамдық кеңестер отырыстар өткізеді.

53. Қоғамдық кеңестің отырысындағы мүшелерінің жалпы саны кемінде үштен екісі қатысқаны кезде заңды деп есептеледі.

Қоғамдық кеңестің отырыстарын бейнеконференцбайланыс режимінде өткізуге жол беріледі.

54. Қоғамдық кеңестің отырыстарына мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми, кәсіподақ және басқа да ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен өзге де мамандар шақырылады.

55. Мәселелерді қарау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарауы және Заңның 5 бабының 2 тармағында, 5-1 бабының 2 тармағында көзделген мерзімдерде шешімдер қабылдау үшін міндетті болып табылатын ұсынымдарды қабылдайды.

56. Қоғамдық кеңес орталық мемлекеттік органдар жолдаған азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарайды.

57. Қоғамдық кеңестің хатшысы нормативтік құқықтық актінің жобасын алған кезден бастап ұсыныстар енгізу үшін бір жұмыс күні ішінде қоғамдық кеңес мүшелеріне қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық пошта арқылы таратуды ұйымдастырады.

58. Қоғамдық кеңестің мүшелері екі жұмыс күні ішінде нормативтік құқықтық актінің жобасын қарайды және қоғамдық кеңестің хатшысына нормативтік құқықтық актінің жобасын қарау не нормативтік құқықтық актінің жобасын қараусыз қалдыру жөнінде қабылданған шешім туралы хабарлайды.

59. Қоғамдық кеңестің хатшысы Қоғамдық кеңес мүшелерінің келіп түскен ұсыныстарын түпкілікті шешім қабылдау үшін қоғамдық кеңес төрағасының қарауына енгізеді.

60. Қоғамдық кеңестің нормативтік құқықтық актінің жобасын қарау не қараусыз қалдыру жөніндегі шешімі Қоғамдық кеңес мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғамдық кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

61. Қоғамдық кеңес шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Қоғамдық кеңестің хатшысы орталық мемлекеттік органдарды қоғамдық кеңестің қабылдаған шешімі туралы хабардар етеді.

62. Қоғамдық кеңес нормативтік құқықтық актінің жобасын қарау туралы шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде нормативтік құқықтық актінің жобасы Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен оның отырысына қарау үшін енгізіледі.

63. Нормативтік құқықтық актінің жобасын қарау қорытындылары бойынша шешім Қоғамдық кеңес мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Қоғамдық кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

64. Дауыс беру қорытындыларын ескере отырып, Қоғамдық кеңестің хатшысы қаралатын нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша Қоғамдық кеңес ұсынымдарының жобасын дайындайды және қоғамдық Кеңестің төрағасына қол қоюға енгізеді.

65. Қоғамдық кеңестің төрағасы қол қойған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын Қоғамдық кеңестің хатшысы нормативтік құқықтық актінің жобасын қарауға ұсынған орталық мемлекеттік

органдарға, жергілікті өкілді немесе жергілікті атқарушы органдарға қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық пошта арқылы жібереді.

66. Заңның 5 бабы 1 тармағының 6) тармақшасына сәйкес министрліктер, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдар, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдары құратын Қоғамдық кеңестер мемлекеттік органның немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік өңірінің тиісті қызмет саласындағы қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

67. Қоғамдық кеңес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) өтінішті құзыреті бойынша тиісті мемлекеттік органға жолдау туралы;
- 2) осы өтінішті Қоғамдық кеңестің отырысында қарау туралы;
- 3) келіп түскен өтінішті қарау бойынша қоғамдық бақылау нысандарының бірін жүргізу туралы.

68. Қоғамдық кеңестің хатшысы өтінішке дайындалған жауапты өтініш берушіге заңнамада көзделген мерзімде жібереді.

69. Қоғамдық кеңестің төрағасы өз өкілеттіктері шеңберінде:

- 1) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырады;
- 2) отырыстарда төрағалық етеді;
- 3) Қоғамдық кеңес атынан құжаттарға қол қояды;
- 4) Қоғамдық кеңестің шешімдерін іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;
- 5) кеңесші дауыс құқығымен республикалық мемлекеттік органның, жергілікті мемлекеттік басқару органының, квазимемлекеттік сектор субъектісінің отырыстарына қатысады;

6) өзі болмаған уақытта төрағаның міндетін атқаруды Қоғамдық кеңес төралқасы мүшелерінің біріне береді.

70. Ұйымдастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз ету, Қоғамдық кеңестің отырыстарын дайындау мен өткізу, Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастыру және жүргізу мақсатында Қоғамдық кеңестің хатшысы:

- 1) Қоғамдық кеңестің отырыстарын дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;
- 2) Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалу мерзімдеріне бақылау жасайды.

71. Қоғамдық кеңестің хатшысы Қоғамдық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

5-тарау. Қоғамдық кеңес мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтату

73. Қоғамдық кеңестің мүшесі жазбаша нысанда өтініш беру арқылы өз қалауы бойынша оның құрамынан шыға алады.

74. Қоғамдық кеңестің мүшесі денсаулық жағдайына байланысты не оның жұмысына қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда Қоғамдық кеңестің шешімімен оның құрамынан мерзімінен бұрын шығарылуы мүмкін:

- 1) оның қайтыс болуы;

- 2) сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған жағдайларда;
- 3) сот қайтыс болды деп жариялаған кезде;
- 4) сот Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған жағдайларда;
- 5) Қоғамдық кеңестің отырысына дәлелсіз себептермен бір жыл ішінде үш реттен артық келмеген жағдайда;
- 6) азаматтық қоғамнан сайланған Қоғамдық кеңес мүшесінің Мемлекеттік қызметке кіруі;
- 7) Қоғамдық кеңеске өкіл сайланған коммерциялық емес ұйым таратылған жағдайда;
- 8) Заңның 10 бабының 1 тармағында көзделген негіздер басталған жағдайда тоқтатылады.

75. Қоғамдық кеңес шығып қалған мүшесінің орнына оның өкілеттіктерінің қалған мерзіміне Заңның 9 бабының 9 және 10 тармақтарында көзделген тәртіппен Қоғамдық кеңестің құрамына жаңа мүшесін қосу туралы шешім қабылдайды.